

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

2021 жылғы 27 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметтен босату туралы.

Президенттің ұсынуын жариялау үшін сөз Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы Донақов Талғат Советбекұлына беріледі.

ДОНАҚОВ Т.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Жоғарғы Сот судьясы Лариса Аркадьевна Шепелеваны қызметінен босату туралы Мемлекет басшысының ұсынымы енгізілді.

Шепелева құрметті отставкаға шығуға ниет білдірді.

Құрметті депутаттар, Жоғарғы Сот судьясы Лариса Аркадьевна Шепелеваны отставкаға шығуына байланысты қызметінен босату туралы Мемлекет басшысының ұсынымын қолдауды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Талғат Советбекұлы, орныңызға отырыңыз.

Слово предоставляется председателю Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! В соответствии с постановлением Бюро Сената и пунктом 66 Регламента Сената Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, обсудив предложенную Президентом Республики Казахстан кандидатуру к освобождению от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан, вынес заключение.

В соответствии с подпунктом 1 статьи 55 Конституции Республики Казахстан и пунктом 3 статьи 34 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» рекомендовать Сенату Парламента Республики Казахстан освободить от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан Шепелеву Ларису Аркадьевну в связи с уходом в отставку.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.
Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.
Алдымен дауыс беру тәртібін анықтап алайық. Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады.
Құрметті әріптестер! Лариса Аркадьевна Шепелеваны Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Ұзақ жылдар бойы сот жүйесінде табысты еңбек етіп, еліміздің дамуына өз үлесін қосқаны үшін Шепелева Лариса Аркадьевнаға алғысымызды білдіреміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізіліп отыр.

Аталған хаттамаға 2019 жылғы 1 қазанда Ереван қаласында мемлекет басшылары қол қойған болатын. Хаттамамен Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың №5 және №8 қосымшаларына өзгерістер енгізілді. Шарт 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді, ал Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі екі жылдан кейін, яғни 2017 жылы қабылданды.

Кеден кодексінің нормаларына сәйкес аванстық төлемдер институтын енгізу көзделген. Осыған байланысты шартқа тиісті түзетулер енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Алдағы төленетін кедендік төлемдер мен салықтар, өсімпұлдар мен пайыздар есебіне енгізілген ақша аванстық төлем деп танылады. Қазіргі уақытта кедендік тазарту кезінде бірнеше кедендік төлемдер мен салықтардың түрі бар.

Осы хаттаманы ратификациялау сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға уақытын үнемдеп, шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді.

1. Кедендік декларациялау үшін кедендік алымды, кедендік бажды, қосылған құн салығын, акцизді, арнайы, демпингке қарсы және өтемақы бажын төлеу үшін бірнеше төлем тапсырмаларын пайдалану қажеттілігіне байланысты шығындарды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

2. Қолда бар аванстық төлемдерді кедендік баждарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындауға пайдалануға болады.

3. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар осы төлемдерді пайда болған берешекті өтеуге жұмсай алады.

4. Бюджеттік сыныптама кодының әрбір түрі бойынша ақша қаражатының қалдықтарын жеке-жеке қадағалау қажеттілігі жоқ.

Кеден органы аванстық төлемдерді енгізген тұлғаның өтініші бойынша оған аванстық төлемдер ретінде енгізілген ақша қаражатының жұмсалуды туралы есеп береді.

Құрметті депутаттар! Аталған хаттаманы ратификациялау біздің еліміз үшін әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды және республикалық бюджеттен қаражат бөлуді талап етпейді. Сіздерден осы хаттаманы ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Ерұлан Кенжебекұлы, сұрақ өзіңізге.

Хаттаманы ратификациялау кедендік бажды және өзге де төлемдерді әкімшілендіруді оңтайландыруға мүмкіндік береді. Мен бұл бастаманы қолдаймын, әрине. Алайда бұл хаттаманың кедендік әкімшілендіру саласындағы проблемаларды шешуге ықпалы қандай болады?

Сондай-ақ Есеп комитетінің ақпаратына сәйкес биылғы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша кедендік төлемдер, салықтар және өсімпұлдар бойынша берешек 26,7 миллиард теңгені құрады, соның ішінде негізгі борыш 21,9 миллиард теңге, өсімпұл 4,9 миллиард теңге. Былтырғы жылмен салыстырғанда берешек 10,8 миллиард теңгеге немесе 68 пайызға өсті.

Енді мына көрсеткішке назар аударыңыздар. Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымының айналы салыстыруы (орысша зеркальная статистика), яғни соңғы 4 жылда бұл деректерде айтарлықтай ауытқулар бар. Ол 45-59 пайыз аралығын көрсетіп отыр, яғни бұл бюджеттегі шығын деген сөз. Жобамен бұл цифр 5,3 миллиард долларды құрайды. Алайда жүргізілген аудит осы сәйкессіздіктердің сомалары мен себептері туралы сенімді және негізделген ақпаратты анықтай алмады. Сондай-ақ мұндай статистика Қытай мен Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше мемлекеттер арасында да бар.

Осыған орай сұрақ:

Қазақстан мен Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше елдер арасында жүргізілген «айналы статистикада» сәйкессіздіктер бар ма? Бар болса оларға қатысты қандай шаралар қолданылады?

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Дана Өмірбайқызы, сұрағыңызға рақмет.

Шынында да жалпы статистика саласында жіберілетін қателіктер болады. Бірақ екі елдің арасындағы тауар айналымында бұл статистика әрқашан көп болып тұрады.

Мен бір мысал келтірейін, Қытай Халық Республикасы мен АҚШ – дүниежүзіндегі екі ірі мемлекет, ал арасындағы статистика айырмашылығы (қателіктері) 50 миллиардтан асады. Бұл 15 пайыз.

Қытай мен Германия мемлекетінің арасындағы қарым-қатынас 100 жылдан асады, олардың статистика айырмашылығы да осы 50 миллиардтың маңайында. Ресеймен де, басқа мемлекеттермен де Қытай статистикасының айырмашылығы өте жоғары.

Бұл біз үшін үлкен мәселе. Қазақстанда негізгі бірнеше себебі бар. Біріншіден, Қытайдың кеден ұйымдары қытай тауарларының барлығын «Қазақстанға экспорт» деп жаза береді. Ал бізде бұл экспорттың нақты 60-70 пайызы транзитпен басқа мемлекетке кетеді, яғни бізде ешқандай кеден бажы төленбейді. Декларациямен екеуінің 50 пайыздан аса айырмашылығы осында болып тұр.

Біз бұл бағытта Қытайдың кеден органдарымен етене байланыстамыз, біз қазір онлайн режимде байланыс жүргіздік. Бұл бірінші мемлекет, өйткені Қытайдың шекарасы өте үлкен, қарым-қатынас, тауар айналымы өте жоғары.

Екіншіден, Қорғаста тауарларды декларациясыз енгізетін мүмкіндік бар, ал Қытай оның бәрін «экспорт» дейді, яғни бізде декларацияланбайды. Бұл да статистикалық қателікке әкеліп соқтырады.

Соған қарамастан біз екі ел арасындағы онлайн режимдегі статистика алмасуды күшейттік, соның арқасында соңғы екі-үш жылда 60 пайыздан 45 пайызға дейін түсірдік.

Біздің мақсатымыз одан әрі өзінің бір белгіленген қателіктеріне дейін түсіру, яғни нольге айналдыру мүмкін емес, себебі әртүрлі факторларға байланысты.

Тағы бір фактор бар. Қытайдан экспорттерлер шығарған кезде бағасын өсіруге тырысады, себебі ол кезде Қытайдың экспорт шығарушылары қосымша құн салығын қайтаруға мүмкіндік алады. Бірақ Қазақстанға келгенде біздің импорттаушылар тауардың бағасын бірнеше есе төмендетуге тырысады. Қазір 6 мыңнан аса сондай тауарлық позицияны белгілеп алдық, ірі статистикаға әсер ететін аяқкиімнен бастап тұтынатын тауарлар бар. Бұлардың барлығы бойынша біз индикаторлар белгіледік, кәсіпкер қандай шығынға ұшыраса да сол белгіленген индикатордан төмен бағасын қоя алмайды. Себебі олар 10 долларға сатып әкеледі де мына жерде бір тауарға 3-5 доллар деп қойғысы келеді. Сондықтан бұл бағытта да біз тәуекелдерді басқару жүйесіне осы 6 мың тауарлық позиция бойынша индикаторларды енгіздік, одан төмен бағамен кәсіпкерлер енгізе алмайды.

Өздеріңіз білесіздер, Қырғыз мемлекеті Еуразиялық экономикалық одаққа кірген кезде өздерінің жоспары бойынша барлық мемлекеттермен келісіп, осы Еуразиялық экономикалық одаққа енетін өздеріне мүмкіндік алу үшін белгілі бір уақыт белгіледі. Сол уақыттың ішінде олар кіргізген тауарларының бәрін төмен кедендік баждармен кіргізіп отырды, яғни бізде Қырғызстанмен кіретін арамызда кеден жоқ, бірақ соған қарамастан біз ол жерге де тәуекелдерді басқару жүйесін қойдық. Сондықтан біз қазір ахуалды орталықта барлық кіретін тауарларды рентгеннен өткізіп, көріп отырамыз.

Қытай және Өзбекстанмен арадағы негізгі өткізу бекеттерінің бәрін модернизациядан өткіземіз. Оған бізде арнайы қаржы бөлінген, займ бар, сол бойынша түгел цифрландыру жүйесіне қойып, әрбір бекеттің ақпаратын алып үлкен жұмыстар атқарып жатырмыз.

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақпен қарым-қатынасына келсек, бұл жерде кеден жоқ. Кеден болмағаннан кейін статистиканы біз Ұлттық статистика бюросынан аламыз, яғни импорттық-экспорттық операциялар. Бұл жерде де айырмашылықтар бар, бірақ ол ондай үлкен емес. Бұл бағытта Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге кіретін статистика ұйымдарының, яғни бізде бұл Ұлттық статистика бюросы, Қырғызстанда Статистика комитеті, олардың бәрінің арасында арнайы меморандум бар. Сол меморандум бойынша олар Жол картасын әзірлеп, бүкіл статистикалық айырмашылықты жоюға үлкен жұмыс жүргізіп жатыр.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлына беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің өз экономикаларын дамыту үшін және ұзақ мерзімді тұрақты жағдайларды қамтамасыз ету үшін кеден қызметінің функцияларын үнемі жақсартып, заманауи дамытып отыруы уақыттың сұранысы. Салық төлемдерін жедел өткізу арқылы кеден бекетінен өту уақытының қысқартылуы аталған қызметтерді қолданатын бизнес өкілдері үшін жақсы жаңалық.

Жоба аталған өзгерістерді заң жүзінде енгізу, яғни кодекс нормаларымен сәйкестендіру үшін аванстық төлемдер институтын енгізу мақсатында әзірленген.

Заң жобасымен аванстық төлемдерді қолдану арқылы өтемақы баждарын төлеу, есепке жатқызу мүмкіндігін белгілеу, мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шоты бойынша жүргізу уақытын анықтау, терминологияларды сәйкестендіру сияқты өзгерістерді енгізу көзделген.

Бұл нормалардың кедендік әкелу баждары мен өзге де төлемдерді әкімшілендіруді оңайлату арқылы бірнеше төлем тапсырмаларын пайдалану кезіндегі азаматтардың уақытын үнемдеп, шығындарын барынша азайту бағытында жұмыс істейтіні анық. Атап айтқанда, аталған құжат нормалары азаматтарға сапалы да тең қызмет көрсетумен қатар Одаққа мүше мемлекеттер арасындағы тиімді қатынастарды одан әрі дамытуға мүмкіншілік туғызады деп санаймыз.

Жоба жұмыс тобының отырысында, комитеттің және комитеттің кеңейтілген отырыстарында қаралып талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті әріптестер! Қаржы және бюджет комитеті «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдауды сұрайды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақтыбай Ақбердіұлы.

Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Үшінші және төртінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым).

Екі заң жобасы бір-бірімен байланысты болғандықтан оларды бірге қарау ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, екі заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауындағы тапсырмасына сәйкес Қаржы министрлігі «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заң жобасы мен оған ілеспе заң жобасын әзірледі.

Қазіргі уақытта квазимемлекеттік сектордың сатып алулары әртүрлі нормативтік құқықтық актілермен реттеліп келеді. Мәселен, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның сатып алулары «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңмен және қордың директорлар кеңесі бекіткен сатып алу қағидаларымен реттеледі.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның құрамына кірмейтін «Бәйтерек», «ҚазАгро», «Зерде» сияқты ұлттық компаниялардың сатып алулары «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңмен және Қаржы министрлігі бекіткен Сатып алулар туралы қағидалармен реттеледі.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың жанында жұмыс істейтін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алулары «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңмен және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен реттеледі.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі есебінен дәрілік заттарды сатып алатын медициналық ұйымдардың және Бірыңғай дистрибьютер «СК-Фармация» ЖШС-нің сатып алулары Денсаулық туралы кодекспен және Дәрілік заттарды сатып алу қағидаларымен реттеледі.

Әзірленген заң жобасымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және өзге де ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың сатып алуларын реттеу ұсынылады. Осылайша заң жобасы сатып алулары шамамен 3,4 триллион теңге сомасындағы 250-ден астам ұлттық компанияны мен олардың еншілес ұйымдарын қамтитын болады.

Бұл ретте орталық және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің сатып алуларын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның шеңберінде қалдыру ұсынылады.

Негізгі заң жобасында мынадай негізгі тәсілдер көзделген.

1. Квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін бірыңғай болып табылатын заңның қолдану аясына, қағидаттарға, шектеулерге, тәсілдерге, бақылауға және шағымдануға қатысты базалық ережелер заң деңгейінде бекітіледі.

Мемлекеттік сатып алуға ұқсас тендерлік құжаттаманы алдын ала талқылау, сондай-ақ шағымдану кезеңінде келісімшарт жасасуды тоқтата тұру механизмдері ұсынылады.

2. Сатып алу процесін нақтылайтын нормаларды ережелер деңгейінде регламенттеу ұсынылады.

Осы жерде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның сатып алу ережелерін бекітуді уәкілетті органның келісімі бойынша қордың қарамағында қалдыру ұсынылады.

Бұл қор қызметінің ерекшелігі мен оның мәртебесіне, сондай-ақ IPO өткізу және жекешелендірудің өзге де түрлері кезінде қор компанияларының инвестициялық тартымдылығын сақтау қажеттігіне байланысты.

Әзірленген тәсілдерді ескере отырып, негізгі заң жобасы 19 баптан тұрады. Ал ілеспе заң жобасы 2 баптан тұрады. Ол «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заң жобасына сәйкес қолданыстағы заңнамалық актілердің нормаларын ретке келтіруді көздейді.

1-бап Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңға, «Төтенше жағдай туралы» Заңға, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға, «Ақпараттандыру туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Атап айтқанда, Кәсіпкерлік кодексіне «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының сақталуына бақылауды жүзеге асыру бөлігінде редакциялық түзетулер енгізіледі.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңда негізгі заң жобасында қарастырылған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуларына қатысты нормалар алынып тасталады.

Ұлттық басқарушы холдингтердің директорлар кеңестерінің сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, оның басшысы мен қызметкерлерінің өкілеттіктерін тағайындау және тоқтату мен өзге де шарттарын айқындау мәселелері бойынша құзыретін кеңейту көзделеді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда ұлттық басқарушы холдингтердің, оның ішінде қордың, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуын Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыру нормасы анықталған.

«Төтенше жағдай туралы» Заңда төтенше жағдай енгізілген және осыған байланысты туындаған дағдарысты жағдай кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы үшін ерекшеліктер белгіленуі мүмкін деген норма енгізіледі.

«Ақпараттандыру туралы» Заңда квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің ақпараттандыру саласындағы тауарларды сатып алуы сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдері тізілімінен жүзеге асырылатыны туралы норма көзделеді.

2-бап заң жобасын қолданысқа енгізу мерзімін көздейді. Ол 2022 жылғы 1 қаңтар деп белгіленген.

Құрметті депутаттар! Жалпы, осы заң жобаларын қабылдау квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуының ашықтығын, тиімділігін арттыруға және осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Енді сұрақ қою рәсіміне көшеміз.
Сөз депутат Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлына беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы, біз соңғы мезгілдері жыл сайын сатып алу жөніндегі заңға өзгерістер енгізіп жүрміз. Сатып алу жөніндегі заңға әр өзгеріс енгізген кезде бір сұрақ ылғи туындап жүр, ол – жеке бір көзден сатып алу мәселесі.

Біріншіден, оның үлесі жылдан-жылға көбеймесе де тұрақты түрде үлкен үлес алып тұр. Оның үстіне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуына қатысты бұл жерде оның ауқымы көбірек болады деп сенемін

Осыған байланысты менің сұрағым:

Қазіргі уақытта бір көзден сатып алуды жүзеге асырудың неше тәсілі бар? Бір көзден сатып алуды қысқарту туралы сіздің пікіріңіз қандай?

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Сұрақтарыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бұл біздің алдымызда тұрған негізгі мақсат-міндеттердің бірі. Дұрыс айтасыз, қазіргі кезде бәсекелестікті дамыту үшін бір көзден сатып алуды барынша азайту мүмкіндігін қарастырып жатырмыз.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң бойынша бізде бір көзден сатып алудың 53 негіздемесі бар. Бірақ қазір Мәжілістің қарауында заң жатыр, жаңадан өзгерістер мен толықтырулар енгіздік. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірге жүйелі түрде жұмыс істеп жатырмыз. Соның арқасында біз 53 көзден 45 көзге дейін азайтуды көздеп отырмыз.

Өздеріңіз білесіздер, бір көзден сатып алуды қарастырған кезде мемлекеттік білім тапсырысына сәйкес әрбір балаға жеке-жеке қомақты қаражат бөлінеді. Бірақ оны білім басқармалары осы статистикаға кіргізіп отыр, бұл да дұрыс емес. Біздер бұны бөлек қарастырмақшымыз, себебі ол жерде ешқандай конкурс жоқ, бала қай жерге барады, ақша сол жерге барады, яғни ол статистикадан қате кетіп отыр. Сондықтан біз ол жерден де жұмыстарды дұрыстаймыз.

Заң өзгерген сайын тиімділігі бар ма деп дұрыс айтып отырсыз. Тиімділігі бар. Себебі соңғы бес жылда, мысалы, 2015 жылдары бір көзден сатып алу 92 пайызға дейін жеткен, яғни бүкіл мемлекеттің ақшасы бір көзден кетіп отырған. Қазіргі кезде біз оны 40 пайыздан төменге түсірдік, ол екі еседен жоғары. Бірақ былтырғы жылдың статистикасы тағы да салыстыруға келмейді, себебі былтыр пандемия болды, сосын былтыр Президенттің Жарлығымен арнайы сатып алу тәртібі енгізілді. Ол жерде камералдық бақылауды жүргізе алмадық, сосын көптеген медициналық препараттар, техникалық құрылғылар, әкімдіктердің даму жол картасы бойынша істелген жұмыстың бәрі бір көзден алынды, себебі уақыттың талабы сондай болды.

Биылғы жылғы статистика дұрыс болады деп ойлаймын, яғни бұл жерде прогресс өте көп.

Квазимемлекеттік сектордың сатып алуына келетін болсақ, жаңа заңды баяндағанда айтып өттім, бұл жерде негізгі мәселелерді – бір көзден сатып алуды шектеуді біз қағидаттарда көрсетеміз. Себебі квазимемлекеттік сектордың жұмысы корпоративті

басқарумен де реттеліп отырады. Сондықтан да біз қазір заңға енгізген жоқпыз, бірақ болашақта бәрібір оны заңға көтеруге тура келетін шығар.

Бұл жерде де біз осыған дейін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамымен де және квазимемлекеттік сектормен де бірге жұмыс істеп келдік. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ бойынша біз соңғы бір-екі жылдың көлемінде 21 негіздемені қысқарттық (қазір 36) және басқа да квазимемлекеттік сектор субъектілері бойынша біз 15 негіздемені қысқарттық (қазір 46). Бірақ бұл жұмысты біз жүйелі түрде жүргіземіз. Осы заң қабылданғаннан кейін қағидаттар қабылданатын кезде біз барлық позиция бойынша қайта-қайта өзгеріс енгізбейтіндей қылып толық мүмкіндікті сол қағидатта қарастырамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, менің сұрағым Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ерулан Кенжебекұлына. Менің сұрағым да әріптесім Бақтыбай Шелпековтың сұрағымен үндес деп ойлаймын.

Қазіргі уақытқа дейін қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға 33 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Мұндай жиі енгізілетін өзгерістер мемлекеттік сатып алу процесінде оған қатысушылар тарапынан түсініспеушіліктерді туғызуда және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге әлі де мүмкіндік бермеуде. Мәселен, Қаржы министрлігі өзінің шешімімен жобалау, құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша әлеуетті өнім берушілерден жұмыс тәжірибесін растайтын 11 тармақтан тұратын мәліметтерді Мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы жинауды және оның негізінде депозитарий қалыптастыруды қазынашылыққа жүктеген. Нәтижесінде әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесі есептеледі, алайда «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңда мемлекеттік сатып алудың нысанасы – өнім берушіде лицензия болуы қажет деп танылса жұмыс тәжірибесін растау талап етілмейді делінген. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заң талаптарына сәйкес жобалау, құрылыс-монтаждау жұмыстары лицензиялауға жататынын ескерсек, бұл талап осы саладағы бизнес субъектілеріне қосымша ауыртпалық туғызып отыр. Сондықтан елімізде 2020 жылы бір көзден сатып алудың жалпы көлемі 2,32 триллион теңгеден асқан немесе 49,8 пайызды құраған. Нәтижесінде мемлекеттік сатып алуда ашықтық пен бәсекелестік әлі де төмен. Осыған орай келесі сұрақтар туындауда.

Жоғарыда аталғандарды түбегейлі шешуді қалай жоспарлап отырсыздар?

Болашақта мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың ағымдағы жай-күйі мен тәуекелдерін ескеретін бірыңғай мемлекеттік сатып алу туралы заң жобасын дайындау сіздердің жоспарларыңызда бар ма?

Осы тұрғыда тағы бір мәселеге тоқталып өткім келеді. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі тендерлерді көп жағдайда өзі көрсететін қызметтер үшін төмен баға ұсынатын қатысушылардың жеңіп шығуы жиі орын алуда. Мысалы, мердігерлік құрылыс-монтаж жүргізу жұмыстарын сатып алуда бізге баға емес, сапа керек емес пе?! Қазіргі

уақытта тұрғын үйлер, жолдар, инфрақұрылымдық объектілерді сапасыз салып жатқандығын көріп жүрміз. Сол себепті мемлекеттен бөлінген қаражат тиімсіз жұмсалуда.

Жоғарыда айтылғандай, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға қаншама түзетулер енгізсек те, өкінішке қарай, аталған өзекті мәселелер түбегейлі шешімін таппай отыр. Осы ретте кейбір сатып алудың тәсілдері үшін басты талап сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы емес, сапасына негізделген бәсекелестік қағидаттарды енгізу орынды болар еді.

Осы тұрғыда сұрақ:

Бағалық емес, сапалық бәсекелестік қағидаттары квазимемлекеттік сектордағы сатып алулар кезінде қолданыла ма және қаралып отырған мәселе заң жобаларының аясында қалай реттеледі? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Динар Жүсіпәліқызы, сұрағыңызға рақмет. Сіз мына сұрақтарыңызбен стратегиялық маңызы бар мәселелерді көтеріп отырсыз.

Біріншіден сұрақтың алдыңғы бөлігіне, яғни болашағымызда жоспар қандай дегенге келсек, басында айтып өттім, біздің басты мақсатымыз барлық мемлекеттік сатып алуға, яғни мемлекеттің қаржысына қатысты сатып алулардың барлығын жүйелі түрде реттеуге келтіру, соның алдыңғы қадамы деп түсіну керек. Бұл жерде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқа да ұлттық холдингтердің сатып алуларын біз бір заңның аясына кіргіздік. Олар бұрын бөлек-бөлек жүрген.

Ойымыздағы кейінгі қадам, егер осы практика дұрыс болса, яғни олардың жұмысына ешқандай нұқсан келмесе, барлығын бір үлкен заңға кіргізіп, сосын мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сатып алу деген бір үлкен заң жасап, соның аясында заңның нормаларының адресі нақты жұмыс істегенін біз де қалаймыз. Бұл екінші сатыдағы жұмыс деп ойлаймыз, бұл біздің ойымызда бар. Қазір 250 компанияны ретке келтіріп алайық, олардың да 3,4 триллион сатып алулары бар, ол да қомақты ақша. Жалпы көзқарасымыз осындай.

Екінші сұрақ бойынша жаңа сіз жұмыстар кезіндегі лицензияны тілге тиек қылдыңыз. Дұрыс айтасыз, заңда ол былай көрсетілген: лицензия тек конкурсқа қатысу үшін, құжаттама беру үшін. Біз оны құптаймыз, ол біздің ережелерде де солай көрсетілген, ол кірген кезде міндетті түрде лицензиясы болу керек. Бірақ сұрағыңыздың екінші бөлігінде бәсекеге көңіл бөлдіңіз, ары қарай бәсеке болғанда олардың барлығының лицензиясы бар. Ал қандай компания ұту керек, қандай жағдай болу керек, осы жерде детальді мәселелер өте көп. Осы жерде біз олардың қаржылық тұрақтылығын қараймыз (қаншалықты салық төлеп жатыр, қанша адам жұмыс істеп жатыр), жұмыс тәжірибесін қараймыз (қанша жыл жұмыс істегенін, қандай объектілерді бергенін, ол объектілер бойынша нұқсан бар ма, жоқ па, ол объектілер тұр ма, тұрған жоқ па), осындай мәселелер өте көп. Біз қағидаттарды әзірлеген кезде оның бәрін ескереміз.

Демпинг деген өте проблемалық мәселе, біз оны мемлекеттік сатып алу кезінде түбегейлі шешіп келе жатырмыз. Мысалы, бұрын 50-60 пайызға дейін, демпинг тіпті 90 пайызға дейін кетіп қалатын. Қазір ондай жоқ, құрылыс-монтаждау жұмыстарында 10 пайызға дейін қысқартып тастады. Егер де дұрыс жұмыс істейтін компания болса, сметалық құжаттамалардың бәрі дұрыс болса, ол 10 пайыздан әрі қарай демпингке бара

алмайды, оның экономикасы келмейді. Сондықтан да біз ол жерге шектеу қойдық, кейбір тауарлар бойынша 15 пайыз, кейбір тауарлар бойынша 20 пайыз. Бірақ бұл жерде де жоспарымыз барынша демпингті төмендету.

Бұл қандай мәселені шешеді? Мемлекеттік органдар қазір үнемделген ақшаны өздерінің жалақысын көтеруге, сыйақы беруге ұстап отыр, сондықтан да демпингке барады, жаңағыдай аз ақшамен беруге тырысады. Бірақ үнемделген ақшаны олар бюджетке қайтарса деген тағы бір ойымыз бар, яғни барлығын болмаса да қандай да бір бөлігін қайтару керек. Сол кезде оларда жоспарлау кезінде мотивация болмайды (бағаны жоғары бағамен белгілеп, демпинг арқылы өткізіп, қалған ақшаны үнемдеп, өздеріне сыйақы беруге). Осы жағынан да біз қазір заңнамалық нормалар әзірлеп отырмыз, яғни үнемделген ақшаны бюджетке қайтару керек. Бұл жерде бюджеттің түсімі көбейеді, екінші жағынан олардың да үнемдеп демпинг өткізбеуге мүмкіндіктері болады.

Жалпы осы қағидаттарды әзірлеген кезде біз параллельно осы жұмысты жүргізіп жатырмыз, яғни барлық квазимемлекеттік субъектілердің бұрын өздері белгілеген қағидаттарын қазір Қаржы министрлігі сараптап, сіз айтқан бүкіл ескертпелердің барлығын ескеріп, ортақ мәмілеге келеміз деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Айтпаева Сәуле Мұханбедианқызына беріледі.

АЙТПАЕВА С.М. У меня такой вопрос. В Национальном докладе по противодействию коррупции за 2019 год, 2020 год подчеркивалось о том, что в АО «Байтерек» вводится ситуационный центр по мониторингу всех строящихся объектов в режиме реального времени, в том числе, возможно, будут контролировать выход всех строителей на ежедневные движения по строительству объекта, а также будет контроль за освоением выделяемых денежных средств.

Скажите, пожалуйста, в каком состоянии эта работа находится сейчас, работает ли этот ситуационный центр? Спасибо.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. На самом деле ситуационный центр полноценно не работает, я согласен. Я как член совета директоров АО «Байтерек» и как уполномоченный орган, отвечающий за государственные закупки, хотел бы сказать, эту работу в рамках этого закона мы будем двигать, и при составлении правил мы обязательно учтем, чтобы он полноценно заработал.

Может быть, это будет регулироваться уполномоченным органом, то есть Министерством финансов. У нас для этого возможности есть, у нас есть акционерное общество «Центр электронных финансов», которое является провайдером (оператором) государственных закупок. Когда все веб-порталы мы объединим, может быть, не будет необходимости оставлять его в АО «Байтерек». Может быть, это лучше сделать централизованно в Министерстве финансов и ради статистики, и ради эффективного использования бюджетных средств. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер, отырысқа қатысушылар! Квазимемлекеттік сектордың сатып алуын реттеудің бірыңғай заңнамалық бекітілген қағидаттарының болмауы осы саладағы сатып алулардың әртүрлі нормативтік құқықтық актілермен реттелуіне алып келді. Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» бірыңғай Заң жобасы әзірленді.

Негізгі заң жобасында сатып алуды жүзеге асырудың қағидаттары мен тәсілдері, сатып алуға қатысу туралы жалпы ақпарат, шектеулер, сатып алу туралы заңнама талаптарының сақталуын бақылау, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуды өткізуіне шағым жасау тәртібі регламенттелді.

Сатып алуды жүзеге асырудың жеті тәсілі көзделген. Олардың бірі электрондық дүкен құру. Бұл осы саладағы жаңашылдық болмақ. Бұдан басқа өнім берушілердің жауапкершілігін және жалпы қабылданған шарттық міндеттемелердің сапасы мен уақытылы орындалуын арттыру мақсатында сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі және сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметті енгізу көзделеді.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерін «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заң жобасының нормаларына сәйкес келтіру мақсатында әзірленген ілеспе заң жобасында Кәсіпкерлік кодексіне және 6 заңға түзетулер енгізіледі.

Негізгі заң жобасы бойынша барлық ескертулерді түзету бастамашылар тарапынан алынып тасталды.

Ілеспе заң жобасының тұжырымдамасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінде ескертулер мен ұсыныстар жоқ.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясы бабының 4-тармағына сәйкес «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заң жобасын қабылдауды ұсынамыз.

Сондай-ақ Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерік Хамзаұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына

Жолдауында квазимемлекеттік сектордың сатып алулары туралы мәселеге тоқталып, заңнамалық тұрғыда реттеу туралы міндет қойды.

Осыған орай квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің мемлекеттік сатып алуларының бірыңғай қағидаттарын қалыптастыру мақсатында «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заң жобасы әзірленді.

Заң жобасы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және басқа да ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алуды реттеудің заңнамалық негізін қалыптастырады. Сонымен қатар заң жобасы арқылы жекелеген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алу туралы талаптары нақтыланады және бақылау оңтайландырылады.

Бұл заң жобасы қазіргі қалыптасқан жағдайда отандық тауар өндірушілер үшін квазимемлекеттік сектордың сатып алуларына қол жетімділігін арттырып, орта және шағын бизнесті жандандыруға ықпал етеді.

Тұтастай алғанда, заң жобасын қабылдау квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуларының ашықтығы мен тиімділігін арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, баяндалғанды ескере отырып, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Сөз Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, Сенат отырысының күн тәртібіне заң жобасын екінші оқылымда қарау мәселесін енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын.

Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын. Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер, отырысқа қатысушылар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы кейбір заңнамалық актілерді бүгінгі күні қабылданған «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заңға сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Қаралып отырған заң жобасы Кәсіпкерлік кодексіне және 6 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Заң жобасын қарау шеңберінде жұмыс тобының бес отырысымен қатар комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Заң жобасы бойынша келіп түскен барлық ескертулер мен ұсыныстар жұмыс барысында егжей-тегжейлі қаралып, мүдделі мемлекеттік органдармен, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерімен талқыланып, нәтижесінде түзетулер бастамашылар тарапынан алынып тастады.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясы бабының 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын қабылдауды ұсынамыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерік Хамзаұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бірінші оқылымда талқыланды. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Мемлекеттік қаржыны тиімді жұмсау – аса маңызды мәселе. Мемлекеттік сатып алуды, оның ішінде квазимемлекеттік сектордың сатып алуын тиімді пайдалануды пандемиядан кейінгі кезеңде экономикалық бәсекелестікті қалпына келтірудің тетігі ретінде қарастырған жөн. Алайда осыған дейін ұлттық компаниялар мен мемлекеттік холдингтердің сатып алулары жалпы тәртіптен шығарылып, өз ережелері бойынша жүргізіліп келді. Мемлекет басшысы бұл мәселелерді шешу үшін тиісті заң қабылдауды тапсырған еді. Соның нәтижесінде заңдар әзірленіп, қабылданып отыр.

Бұл нормалар квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алудағы бірыңғай жүйесін қалыптастырады. Заңдарды жүзеге асыру сатып алу рәсімдерінің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға жол ашады. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады.

Бүгін қабылданған заңдар алдағы уақытта елімізде қаражатты тиімді пайдалануға, сондай-ақ кәсіпкерлерге сатып алуларға қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруге ықпал етеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, сауалдар бар ма?

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысына жолданады.

«Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында жеке қосалқы шаруашылықтың әлеуетін пайдалану тиімді екенін және миллиондаған ауыл тұрғындарына табыс табуға мүмкіндік бере алатынын атап өтті.

Қазіргі уақытта елді мекендер мен ауыл тұрғындарын жайылым мәселесі қатты алаңдатып отыр. Соңғы кездері бұқаралық ақпарат құралдарында және жергілікті жерлердегі халықпен кездесулерде «ауылда мал жаятын жер жоқ» деген шағымдар жиі айтылады.

Елді мекендерде тұрып жатқан халықтың негізгі күнкөріс тіршілігі мал шаруашылығы саласы. Тарихи деректерге сүйенсек, 1913 жылғы санақ бойынша елімізде жалпы мал басының саны 90 миллионнан астам болған, ал бүгінде мал басының саны 30 миллионға жуық. Ол көрсеткіштің қазіргіден үш есе көп болуының негізгі себептерінің бірі сол кезде жайылым жерлер табиғатына сәйкес дұрыс пайдаланылған. Дегенмен жайылымдық жерлердің тапшылығы барлық облыстар бойынша орын алып отыр. Мәселен Түркістан, Алматы, Жамбыл және Қызылорда облыстарында ауыл тұрғындары

жайылымдардың жетіспеушілігінен үлкен зардап шегуде. Елді мекендерде малдың 80 пайызға жуығы ауыл шегінде және оның айналасында жайылатындықтан бұған дейін бөлінген жайылымдық жерлер (шамамен 21 миллионға жуық) деградацияға ұшыраған.

Бүгінде ауылдық елді мекендерде мал шаруашылығы өнімінің 66 пайызға жуығы өндіріледі. Бірақ мұндай орасан биологиялық актив мемлекеттік қолдаудан тыс қалып, заманауи технологиялық процестерге тартылмай отыр. Жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтендіру бойынша жүргізілген жұмыстар дұрыс үйлестірілмегендіктен нәтижелі болған жоқ.

Осы орайда дамыған елдердің барлығы ауыл шаруашылығында кооперация тетігін табысты пайдалануда. Бұл ауылдық жерлерде еңбек өнімділігін арттыруға, халықты сапалы және арзан тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуге, тұрақты жұмыс орындарын ашуға үлкен септігін тигізеді.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық ұйымдар, шаруа қожалықтары, кәсіпкерлер бірлесе ауыл шаруашылығында табысты кооперативтер құру жұмысына жұмылдырылуы қажет. Осы мәселені шешкен жағдайда тек мал азығының сапасын арттыру арқылы ауылдық елді мекендерде өндірілетін ет пен сүттің өнімділігін кем дегенде 30 пайызға өсіруге болады. Алайда жайылымдықпен қамтамасыз етуге қатысты мәселелер күні бүгінге дейін шешілмеген күйінде қалып отыр.

Жер мәселесін ұлттық деңгейдегі маңызды жоба ретінде жүйелі түрде қарастырмаса жайылым мәселесі шешімін таппайды. Деградацияға ұшыраған мыңдаған гектар жерлерді айтпағанда, бір сантиметр қарашірікті (гумусты) қалпына келтіру үшін ондаған жылдар және қыруар қаржы қажет. Бірқатар шет мемлекеттер жерді ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлігі ретінде қарастыруға әлдеқашан көшкен. Сондықтан жер мәселесіне айрықша мән беретін уақыт келді деп санаймыз.

Осыған байланысты келесі ұсыныстарды өзіңізге жолдай отырып, ерекше назар аударуыңызды сұраймыз.

1. Жергілікті жерлерде шаруа қожалықтарымен түсіндірме жұмыстарын қарқынды түрде жүргізе отырып, олардың бірігіп үлкен кооперативтер құруына жан-жақты қолдау көрсетілуі қажет деп есептейміз.

2. Жайылымдарды ұзақ мерзімді кезеңге басқару жөніндегі жоспарларды бекіту, қоғамдық пайдалану шарттарын айқындау, пайдаланушылардың бірлестігін құру және оған жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарлары иелерінің кіру міндеттілігін қарастыру, жайылым билетін енгізу және мал басының санына байланысты пайдаланудың ақылы болуын енгізуді ұсынамыз.

3. Жайылымдарды басқару жөніндегі жоспарларды және жайылым айналымдарының схемаларын, шалғайдағы мал шаруашылығын ұйымдастыру жөніндегі бағдарламаны, инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жоспарларын әзірлеуде жан-жақты пысықтау қажет деп санаймыз.

4. Жергілікті атқарушы органдар пайдаланбай жатқан жерлерді қайтару бойынша жұмыстарды белсенді түрде жүргізу керек. Сонымен қатар қолданыстағы заңдарға жайылымдық жерлерді басқару мен пайдалану бойынша тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып сауалға жауапты жазбаша түрде беруді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Дүйсембинов, Булавкина, Жұмағазиев, Күрішбаев, Мусин, Нұралиев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Сауал Үкімет басшысының орынбасары Роман Васильевич Склярға бағытталады. Қысқаша мәтіні.

«По вопросу реализации норм Закона «Об оборонной промышленности и государственном оборонном заказе». С момента принятия закона прошло два года. Это позволило более четко определить механизмы реализации государственного оборонного заказа, конкретную ответственность, а также наладить взаимодействие заинтересованных сторон.

Однако имеется ряд вопросов, влияющих как на состояние боеготовности Вооруженных Сил и других силовых структур Республики Казахстан, так и на развитие отрасли в целом.

Среди основных проблем развития предприятий оборонно-промышленного комплекса можно отметить:

низкую востребованность и завышенные цены выпускаемой продукции;

низкую локализацию;

высокую закредитованность и отсутствие гарантированных заказов на ближнесрочную перспективу.

Кроме того, вызывает беспокойство ежегодный рост убытка Национальной компании «Казахстан инжиниринг» (далее – Компания) и огромный долг перед Народным банком и фондом «Самрук-Казына». При этом имеются планы по проведению трансформации Компании.

В этой связи возникают вопросы. Какова экономическая целесообразность и эффективность предлагаемых решений по реформированию отрасли и Компании в частности? Каким образом, за счет каких средств планируется погасить долг? Сколько предприятий предлагается приватизировать, в том числе тех, которым были оказаны меры государственной поддержки? Какова сейчас доля Компании в общем объеме производства продукции машиностроения и ее динамика роста или снижения?

Законом для финансовой поддержки научно-технических разработок и модернизации предприятий предусматривалось создание фонда развития оборонно-промышленного комплекса.

Каково на сегодняшний день положение дел по становлению фонда? Сколько и какие проекты на сегодняшний день поддержаны и реализуются?

Еще одним вопросом, затрудняющим освоение военной продукции, создающим коррупционные риски и влияющим на производственные циклы, качество продукции, является отсутствие утвержденных военных национальных стандартов. Законом данный вопрос был также предусмотрен. Но мы выпускаем продукцию, не имея стандартов.

Хотелось бы знать, определены ли сроки принятия военных стандартов.

14 октября 2019 года в реализацию норм закона приняты Правила формирования, размещения и выполнения государственного оборонного заказа. Однако через 8 месяцев уполномоченный орган разрабатывает новые правила, и Правительство их утверждает. Как известно, частые изменения различных подзаконных актов отрицательно сказываются на деятельности бизнес-сообщества. С чем связано столь скорое утверждение новых правил?

Есть конкретное поручение Президента страны по повышению текущего уровня локализации производства. Между тем из Правил формирования, размещения и выполнения государственного оборонного заказа исключены положения, устанавливающие, что за основу в определении исполнителя государственного оборонного заказа берутся как ценовые предложения, так и локализация производства.

Также отсутствуют нормы, определяющие, что при равных ценовых предложениях выбор осуществляется в пользу продукции с наибольшей долей местного содержания. В этой связи видится целесообразным исполнить поручение Главы государства и пересмотреть правила.

Совокупный бюджет силовых органов имеет огромный потенциал в части приоритетности поддержки и развития местного содержания. Об этом говорил Президент в своем Послании народу Казахстана от 1 сентября 2020 года и поставил перед Правительством и акимами задачу – максимально задействовать этот потенциал. Тем не менее бюджет силовых органов остается разобращенным.

В этой связи полагаю, что единая политика государственного заказа и оборонного заказа позволила бы без дополнительных финансовых средств решить не только импортозамещение, но и создать постоянные рабочие места и увеличить налогооблагаемую базу.

Прошу дать письменный ответ в установленные законом сроки.

Депутат Нурсипатов».

Полный текст депутатского запроса прилагается. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 27 мамыр

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметтен босату туралы

Об освобождении от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы

Т.С. ДОНАҚОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан

ДОНАКОВА Т.С. 1

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. 2

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Договор о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. 3

Сөз сөйлеген:

Выступила:

НҰРЖІПТОВА Д.Ө. 3

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.А. ШЕЛПЕКОВТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ЧЕЛЫПЕКОВА Б.А. 5

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған
«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О закупках отдельных субъектов квазигосударственного сектора», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік
сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде
(бірінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам закупок отдельных субъектов квазигосударственного сектора», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ
баяндамасы**

Доклад Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ШЕЛПЕКОВ Б.А. 9

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. 10

АЙТПАЕВА С.М. 12

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің
хатшысы Е.Х. СҰЛТАНОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад секретаря Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству СУЛТАНОВА Е.Х. 13

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚАНИЕВ Б.Н. 13

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. 14

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері
бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы
Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам закупок отдельных субъектов квазигосударственного сектора» (второе чтение)

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің
хатшысы Е.Х. СҰЛТАНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад секретаря Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству СУЛТАНОВА Е.Х. 15

**Депутат С.М. ДҮЙСЕМБИНОВТИҢ Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**
Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБИНОВА С.М. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Мамину А.У. 16


**Депутат Н.Н. НҰРСИПАТОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы**
Депутатский запрос депутата НУРСИПАТОВА Н.Н. к Заместителю Премьер-
Министра Республики Казахстан Скляру Р.В. 18

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева